



Қала әкімдігінің
2023 жылғы «12» шілде ғауыссымен
№ 563 бекітілген

«Абай облысы Семей қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. «Абай облысы Семей қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Бөлім) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Бөлім мемлекеттік мекеменің үйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мәртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Бөлім азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

5. Бөлім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

6. Бөлім өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Бөлім басшысының бүйіркітаратымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Бөлімнің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қала әкімдігімен бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индексі 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Қозбағаров көшесі, 40, электрондық мекенжайы: sobes@akimatabai.gov.kz.

9. Осы Ереже Бөлімнің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Бөлімнің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Бөлімге кәсіпкерлік субъектілерімен Бөлімнің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау түрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

12. Егер Бөлімге заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Бөлімнің мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

- 1) халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 3) аумақтарды дамытудың өнірлік бағдарламаларын және халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді және әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ететін арнайы іс-шараларды іске асыру;
- 4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету;
- 5) Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сұру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспарды іске асыру жөніндегі өнірлік іс-шаралардың орындалуы бойынша жұмысты ұйымдастыру;
- 6) архивтік қордың сақталуын қамтамасыз ету, жеке тұлғалардың жеке деректері туралы ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету;
- 7) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік көмекпен қамту;
- 8) көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын мониторингілеу және бағалау;
- 9) мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау жүйесімен айқындалған, жетекшілік ететін саладағы мақсаттар мен міндеттерге, нысаналы индикаторлар мен көрсеткіштерге қол жеткізуді мониторингілеу;
- 10) ведомстволық бағынысты мекемелердің қызметін үйлестіру.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген талаптарды сақтай отырып, Бөлімге жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдардан және өзге де үйымдардан заңнамада белгіленген мерзімдерде ақпарат пен құжаттарды сұрату және алу;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұлік туралы заңнамасына сәйкес акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердегі қатысу үлестерін иелену мен пайдалану құқықтарын, мемлекеттік заңды тұлғалардың субъектісі құқықтарын жүзеге асыру, оның ішінде тиісті саладағы уәкілетті органдардың құзыретіне ұқсас шешімдерді қабылдау;

Бөлім құзыретінің мәселелеріне қатысты отырыстарға, жиналыстарға және кеңестерге қатысу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2) міндеттері:

қала және облыс әкімдерінің, қала және облыс әкімдері орынбасарларының тапсырмалары мен өкімдерін орындау;

әзірлеушісі мекеме болып табылатын қала әкімінің және әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің құқықтық мониторингін жүзеге асыру және оларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылды деп тану бойынша шараларды уақтылы қабылдау;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

- 1) Аумакты дамыту бағдарламасын және Бөлімнің бағыттары бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және орындалуын талдау;
- 2) халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қорғау және азаматтық хал актілерін тіркеу саласында мемлекеттік қызметтер көрсету стандарттарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету және мониторингілеу;
- 3) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері бойынша бюджеттік бағдарламаларды жоспарлау, іске асыру және олардың орындалуына мониторингі жүзеге асыру;
- 4) жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды үйлестіру;
- 5) атаулы әлеуметтік көмекті уақтылы тағайындау мен төлеу және кепілдік берілген әлеуметтік топтама ұсыну;
- 6) өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру;
- 7) тұрғын үй көмегін тағайындау;
- 8) ауылдық жерде тұратын және жұмыс істейтін әлеуметтік сала мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек көрсету;
- 9) жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету;
- 10) Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы ақшалай өтемақы төлеу, полигон қуәліктерін беру;
- 11) тұрғын үй сертификаттарын беру;
- 12) ақталған адамдарға қуәліктер беру;
- 13) «Алтын алқа», «Күміс алқа» мемлекеттік наградаларымен марапаттау үшін құжаттарды қабылдауды жүзеге асыру;
- 14) Ұлы Отан соғысы жылдарында кемінде 6 ай жұмыс істеген адамдар бойынша жұмыс өтілін белгілеу бойынша құжаттарды қабылдауды жүзеге асыру;
- 15) мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмекпен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу;
- 16) мүгедектерді техникалық - көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу;
- 17) жүріп-тұруы қын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің қызметін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу;

- 18) есту кемістігі бар мүгедектерді ымдау тілі маманының қызметтерімен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу;
- 19) мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз етуге құжаттарды ресімдеу;
- 20) тірек-кимыл аппараты бұзылған мүгедектерге, жүріп-тұруы қын бірінші топтағы мүгедектерге «Инватақси» көлік қызметтерін қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу;
- 21) мүгедек балаларды үйде оқытуға арналған шығындарды өтеу;
- 22) мүгедектер мен мүгедек балаларды шипажай-курорттық емдеумен қамтамасыз етуге құжаттар ресімдеу;
- 23) үйде күтім көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу;
- 24) медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу;
- 25) қорғаншылықты және қамқоршылықты ресімдеу;
- 26) қажет болған кезде денсаулық сақтау, құқық қорғау органдарының және басқа да құзыретті органдардың өкілдерін тарта отырып, сотпен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтары мен мұдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- 27) жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау;
- 28) мүгедектерді, ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды; бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды; пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау тәртібін өзірлеу және бекіту және осы квоталанатын жұмыс орындарына мониторинг жүргізу;
- 29) жұмыстан босату және жұмыс орындарын қысқарту тәуекелдері бар ұйымдарды мониторингілеу, жұмыс берушілерден кадрларға болжамды қажеттілік туралы ақпарат сұрату;
- 30) Бөлім жұмыс органы болып табылатын қалалық комиссиялар мен топтардың жұмысын ұйымдастыру;
- 31) орта мерзімдік перспективаға арналған Өнірлік жұмыспен қамту картасын өзірлейді және қалыптастырады. Ұлттық жобалар, облысты дамыту бағдарламасы аясында құрылған жұмыс орындардың мониторингін жүргізу;
- 32) халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді қамтамасыз ету мақсатында Еңбек мобиЛЬДІГІ орталығы және Мансап орталығымен өзара қарым – қатынас жасау;
- 33) жұмыс күшіне сұраныс пен ұсынысты талдау, болжау жасау;
- 34) қалалық әкімдік пен маслихат отырыстарына 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы іске асыру барысы туралы материалдарды өзірлеуін және мерзімінде ұсынуды қамтамасыз ету;
- 35) еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу;
- 36) әлеуметтік қызметтер порталымен жұмыс жасау;

37) жұмысмен қамту, әлеуметтік корғау мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін объективті, жан-жақты және уақтылы қарауды қамтамасыз ету, өтініштердің орындалуын бақылау, азаматтарды жеке кабылдауды жүргізу;

38) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

3. Бөлімнің бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Бөлімді басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Бөлімнің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қала әкімі лауазымға тағайындейды және лауазымнан босатады.

18. Бөлімнің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Бөлімнің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) қызмет мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес шешеді;

2) құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бекітілген тәртіппен кеңестерді шақырады;

3) жұмыскерлердің өкілеттіктерін айқындейды;

4) барлық ұйымдарда мүддесін білдіреді;

5) сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл бойынша қажетті шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапты болады;

6) заңнамада көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Бөлімнің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындейды.

4. Бөлімнің мүлкі

21. Бөлімнің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Бөлімнің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Бөлімге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Бөлімнің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып

алынған мүлікті өз бетімен иелікten шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату

24. Бөлімді қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Бөлімнің қарамағындағы мемлекеттік мекемелердің тізбесі:

«Абай облысы Семей қаласының тұрмыстық зорлық-зомбылық күрбандарына арналған дағдарыс орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Абай облысы Семей қаласының № 3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

«Абай облысы Семей қаласының қын өмірлік жағдайға тап болған тұлғаларды қайта әлеуметтендіруге арналған орталық» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

«Абай облысы Семей қаласының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

卷之三